# Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 маусымдағы № 905 Жарлығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Жарлық 01.06.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 3 ақпандағы №188 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің мүшелері болып тағайындалсын:

Нұрбеков Айдын - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы;
Маратұлы

Сисенова - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы;
Нұрия Оралжанқызы

Жакулин - Ақмола облыстық сотының судьясы;
Әскербек
Бейсембекұлы

Мырзалиев - Қостанай облысы Рудный қалалық сотының судьясы;
Жеңісбек Сәбетбекұлы

Цай - Қарағанды облысы Қарағанды қаласының Октябрь ауданы
Олеся Юрьевна №2 аудандық сотының судьясы;

Шаров - Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі
Ғафур Хамзеұлы мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы;

Қалишева - "М.С.Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЗУ университеті"
Жаннетта Ғайсақызы АҚ Заңгерлерді бағалау және сертификаттау бюросының басшысы, заң ғылымдарының кандидаты (келісу бойынша);

аталған Кеңестің құрамынан: Н.Ө.Жолдасбеков, Ғ.А.Қайшыбеков, Б.Е.Карбенова, А.Ә.Көлбаева, С.С.Тілегенов шығарылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Әділет министрі, мемлекеттік қызмет істері уәкілетті органының басшысы" деген сөздер алып тасталсын.

2. Осы Жарлық 2022 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті* — *Қ.Тоқаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК